

Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы

Өткізу күні: 23 наурыз 2025 жыл

Өткізу орны: Музыка залы

Уақыты: 14:00

Кенес төрайымы: Қ.Д.Бақтыбаева

Хатшы: М.К.Сарина

Күн тәртібінде:

1. Педагогтардың құқықтары Жуманова Г.А.

2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары Белгитаева А.К.

3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау. Салғиева М.Т.

Тыңдалды:

Педагогтардың құқықтары кеңесінің мүшесі тәжірибелі педагог Жуманова Г.А. сөйледі.

ПЕДОГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН
ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

(әрбір педагог білуі тиіс)

Білім туралы заңның 51-бабында Педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігінің негізі көрсетілген.

Педагог қызметкердің:

1) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;

1) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

3) жеке педагогтік қызметке;

4) тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

5) білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

6) ұзақтығы төрт айдан аспайтын, бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға;

7) санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;

8) педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге;

9) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;

10) ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік еңбек өтілі сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;

11) білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға құқығы бар.

Сонымен қатар құқықпен қатар міндетін қатар жүретін ұмытпағаныңыз жөн, педагог қызметкер:

1) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

- 5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- 6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;
- 7) педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;
- 8) тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Білім беру ұйымының дамуына қатысуға құқылары бар. Ал, керісінше, құқықтары бұзылған жағдайда Балабақша Педагогикалық әдеп кеңесіне жүгінуге; аудандық/қалалық білім бөліміне шағымдануға; білім беру саласындағы кәсіподақ ұйымына өтініш беруге құқылары бар.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша балабақшаның педагог-психолог Шашалова Г.Е. сөз сөйледі. Ол өз сөзінде кеңес мүшелерін «Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп- этикалық нормалары»- тәрбиешінің қоғамалдындағы беделін арттыруға, оның абыройын сақтауға бағытталған өте маңызды мәселе. Педагог- тек білім беруші ған емес, қоғамға өнеге көрсететін тұлға.

Сол себепті оның көпшілік ортадағы жүріс-тұрысы, сөзі арқылы балалар мен ата-аналарға үлгі болулары керек. Мысалы, қоғамдық орындарда (кафе, базар, көше, қоғамдық көлік т.б) өзін ұстай білу; қоғам алдында тәрбиелік, зиялылық, ұстамдылық танытуға міндетті. Педагогтың көпшілік ортадағы әдебі-оның кәсібі беделінің айнасы. Сондықтан да ұстаздар өзімен бірге балабақшасының, білім саласының, жалпы елдің абыройын көтеріп жүреді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау» тақырыбы бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Салғиева М.Т. сөз алды. Ол өз сөзінде «Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау»- білім беру ұйымдағы жағымды ахуалды қалыптастырудың, тәрбиеші беделін арттырудың және сапалы білім берудің негізгі тетіктерінің бірі екенін айтып өтті.

Педагогикалық әдеп-бұл тәрбиешінің кәсіби қызметінде адамгершілік, сыпайылық, әділдік сабырлық, сыйластық ұстанымдарын сақтауы.

Ол бала, ата-ана, әріптес, қоғаммен қарым-қатынаста көрінеді. Балабақшада педагогикалық әдепті қамтамасыз ету жолдары:


1. Әдеп жөніндегі кеңес құру
2. Кеңес құрамына тәжірибелі, беделді педагогтер кіреді
3. Кеңестің мақсаты-әдеп бұзушылықты қарау емес, болдырмау, алдын алу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Шешім қабылданды:

1. Педагогтардың құқықтарының сақталуы жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп- этикалық нормаларын ұстауы міндеттелсін.
3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау нормаларын басшылыққа алу ұсынылады.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



**Қ.Д.Бақтыбаева
М.К.Сарина**